

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандума Қосымша хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 29 тамыздағы N 794 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жансейіт Қансейітұлы Түймебаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

N

7 9 4

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

жоба

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама 1. Жалпы ережелер

1. Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Меморандумның және осы Қосымша

хаттаманың шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды қолдау мақсатында 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі - Меморандум) өзгерістер енгізуге келісті.

2. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі төменде сипатталған жоба шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосымша көмек көрсету үшін 200000 (екі жүз мың АҚШ долларын) ұсынады. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиісті жәрдемді Америка Құрама Штаттары Үкіметінің өзге органдары мен тиісті институттары арқылы осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес береді.

3. Осы Қосымша хаттамада көзделетін ақшалай қаражат Қазақстан Республикасының Үкіметіне есірткіге сұранысты азайту мәселелерінде жәрдем көрсетуге бағытталған жобаға қолданылады.

4. Тараптар осы жобаларды қолдау үшін жасайтын іс-әрекеттер және ұсынатын ресурстар төменде көрсетілген.

5. Осы жобалар бойынша қаржы бөлу Америка Құрама Штаттары Конгресінің жыл сайынғы мақұлдауына және қорларды қаржыландыруына, сондай-ақ оларды Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік Департаментінің бекітуіне байланысты.

2. Жобаның сипаттамасы, мақсаты және оны бағалау

6. Зерттеу 20000 (жиырма мың АҚШ доллары):

1) қорлар екі зерттеу жүргізуге пайдаланылады: есірткіге сұранысты азайту жөніндегі жобаның басталуы алдындағы бірінші зерттеу және жобаның аяқталуы бойынша екінші зерттеу. Зерттеулер Қазақстанның алты немесе жеті ең ірі қалаларында 7-11-сынып оқушылары арасында жүргізілетін болады. Сұрақ-жауапқа оқушылардың есірткінің зияны туралы пікірлерін және есірткіге қарым-қатынасын қамтитын болады. Зерттеу ең осал өңірлер мен топтарды анықтауға арналған және оларға осы Қосымша хаттаманың 2-бөлімінің 7 және 8-тармақтарына сәйкес осы жобаның күш-жігерін бағыттау үшін қажет;

2) қорытынды зерттеу жобаның тиімділігін бағалайтын болады. Зерттеуді Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі анықтайтын ұйым жүргізеді. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жіберіледі.

7. "Астана-есірткісіз қала" жобасы 80000 (сексен мың АҚШ доллары):

1) аталған жобаны есірткіге сұранысты азайту жөніндегі күш-жігерді іске асыру үшін Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бірлесе отырып, Астана

қаласында жүргізетін болады. Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, жастар үшін есірткіні пайдаланудың қауіптілігін жария етуге және "Жастар есірткіге қарсы" ұранымен денсаулық үшін оң әсерлі әрі пайдалы әрекетті насихаттауға бағытталған қоғамдық іс-шараларды ұйымдастырады. Бұл іс-шаралар дөңгелек үстелдер, концерттер, әр түрлі жастар жарыстарын ұйымдастыруды және басқа да тиісті қызметті қамтуы мүмкін.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

қатысушыларды/сарапшыларды және қажетті ақпараттық материалдарды ұсынады;

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі демеушілік жасайтын іс-шараларды қазақстандық тараппен үйлестіре отырып, материалдық-техникалық қамсыздандыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

егер іс-шаралар қатысушылардың жұмыс орнынан қашықта өткізілсе, олардың жол және тәуліктік шығыстарын қамтамасыз етеді;

жастар арасында бірлескен қоғамдық іс-шараларды жарнамалайды; ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткен мақсаттар туралы ақпаратты және бағдарламаны іске асыруға байланысты қаржылық шығыстар және жобаның басталуынан және жобаның аяқталуынан алты айдан кейін бағдарламаға байланысты басқа да шығыстар туралы ақпаратты қамтитын есепті ұсынады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

қоғамдық іс-шараларды өткізу үшін үй-жай ұсынады;

қоғамдық іс-шараларды өткізу үшін қолда бар жабдықты ұсынады;

жастар арасындағы бірлескен іс-шараларды жарнамалайды;

барлық қоғамдық іс-шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткен мақсаттар туралы ақпаратты және жобаның басталуынан және аяқталуынан алты айдан кейін бағдарламаның қандай әсері бар екендігі туралы ақпаратты қамтитын есепті ұсынады;

4) аталған жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі ілгерілеу мынадай көрсеткіштермен е с е п т е л е д і :

едәуір қатысушылар саны бар қоғамдық іс-шаралардың табысты өтуі;

жастар арасында есірткіге тәуелділік қаупі туралы хабардар болуды арттыру;

5) жобаны бағалау: осы Қосымша хаттаманың 3-бөлімі.

8. Үкіметтік емес ұйымдарға гранттар 100000 (жүз мың АҚШ доллары):

1) қорлар есірткінің таралуына қарсы тұру мақсатында үкіметтік емес ұйымдарға әлеуметтік және жастар ұйымдарына қоғамдық хабардар ету жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін аз мөлшердегі гранттарды ұсынуға пайдаланылады. Гранттар жергілікті үкіметтік емес ұйымдарға Қазақстанның түрлі өңірлерінде есірткінің таралуына

бағытталған қызметті жария ету және есірткіге сұранысты азайту жөніндегі күш-жігерде азаматтардың белсенділігін көтермелеу үшін жәрдем ретінде беріледі. Гранттар жүргізілген зерттеуге сәйкес жағдайы аса қиын өңірлерде өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қолданылады. Гранттар қатерлі топқа жататын жастар үшін қоғамдық іс-шара (музыкалық, білім беру, спорттық және басқа іс-шаралар) өткізудің ұсынылған жобасына байланысты конкурстық негізде беріледі. Қорлар сондай-ақ нашақорлық проблемасына қоғамдық назар аудару және ресурстар тарту үшін жарнамалық науқандарға, білім беру материалдарын жариялауға және семинарлар өткізуге пайдаланылады. Әрбір жеке грант 10000 (он мың АҚШ долларынан) аспайтын б о л а д ы ;

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:
грантты алуға конкурс жариялайды;
грантты алуға өтінімдерді қарастыру үшін кездесулер өткізеді;
грантты беру туралы соңғы шешімді қабылдайды;
грантты іске асыруды қадағалайды;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:
гранттың тақырыптары бойынша ұсынымдарды береді;
гранттарды қарастыруға қатысады;

4) аталған жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі ілгерілеу мынадай көрсеткіштермен есептеледі:

қоғамдық іс-шараларды табысты өткізу және едәуір қатысушылар саны бар
г р а н т т а р д ы і с к е а с ы р у ;

жастар арасында есірткіге тәуелділік қаупі туралы хабардар болуды арттыру;

5) жобаны бағалау: осы Қосымша хаттаманың 3-бөлімі.

3. Жобаны бағалаудың бас жоспары

9. Осы Қосымша хаттаманың жоғарыда көрсетілген жобаларының әрқайсысын бағалау мақсатында екі Тарап та төмендегілер туралы келісті:

1) қол жеткен нәтижелерді және жобаларды жақсарту немесе өзгерту жөніндегі ұсыныстарды талқылау үшін осы Қосымша хаттамаға қол қойылған сәттен бастап кемінде әрбір алты айда кездесіп тұру;

2) жобаның нәтижелерін уақтылы бағалау үшін қажетті барлық ақпаратты ұсыну.

10. Әр жобаның қорытындысында Тараптардың өкілдері болашақ жобалардың тиімділігін жақсарту ниетімен табыстар мен проблемаларды бөліп көрсете отырып, әрбір жобаны толық бағалауды жүргізеді.

4. Қорытынды

11. Осы Қосымша хаттама екі Тарап та оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар осы Қосымша хаттамада көзделген барлық міндеттемелерді орындағаннан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

12. Өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Өзара түсіністік туралы меморандумның барлық шарттары қолданыста қала береді.

2008 жылғы "___" _____ Астана қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар екі түпнұсқа данада жасалды.

Қазақстан Республикасының *Америка Құрама Штаттарының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*

РҚАО-ның ескертуі: Әрі қарай мәтін ағылшын тілінде берілген.